

Издается с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

9 ноября  
2022 года  
СРЕДА  
№ 89 (1482)



Будьте в курсе городских событий \*Еще больше новостей\* Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в sarangazeti sarangazeti

20 қараша  
2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

Әр азаматтың  
дауысы маңызды!

20 ноябрь  
2022

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Важно голос  
каждого!

## ПРЕЗИДЕНТ ПУБЛИЧНО ПОДПИСАЛ РЯД ЗАКОНОВ

akorda.kz

Глава государства принял участие в церемонии публичного подписания ряда важных законов, принятых по итогам состоявшегося в июне 2022 года республиканского референдума о внесении изменений и дополнений в Конституцию.



По словам Касым-Жомарта Токаева, результаты референдума позволят сформировать новую модель взаимодействия ветвей власти, откроют путь для участия граждан в управлении государством, упрочат гарантии защиты прав и свобод человека.

– Конституционная реформа ознаменовала собой начало новой эпохи в истории Казахстана. Она позволила закрепить политические преобразования последних трех лет и заложить прочный фундамент для дальнейшего укрепления нашей государственности. Отныне будут строго соблюдаться принципы справедливости, прозрачности и солидарности. Референдум убедительно показал, что можем противостоять беспрецедентным внешним и внутренним вызовам. Мы приступили к практической реализации конституционной реформы, – отметил Глава государства.

По его мнению, принятые Парламентом законодательные инициативы имеют четко выраженную гуманистическую и правозащитную направленность. В частности, согласно изменениям, с 1 января 2023 года начнет функционировать Конституционный Суд. Теперь каждый гражданин сможет напрямую отстаивать в этом органе свои конституционные права и свободы. Кроме этого на уровне конституционного закона впервые закрепляются статус, полномочия, гарантии независимости Уполномоченного по правам человека. Усилена правозащитная функция Генерального прокурора. Касым-Жомарт Токаев подчеркнул, что дальнейшее комплексное развитие этой сферы всегда будет в приоритете государства.

В своем выступлении он отметил, что главное богатство нашей страны – это люди и их достойная жизнь. В этой связи особое значение имеют новые положения, недавно включенные в Основной закон.

– Наша Конституция провозглашает, что земля и ее недра, воды, растительный и животный мир, другие природные ресурсы принадлежат народу. Благодаря принятию этой нормы будет запущена масштабная программа «Нацфонд – детям». Истинное величие нации заключается в благополучии каждой семьи и каждого гражданина, именно поэтому национальная экономика должна работать во благо народа, – заявил Президент.

Глава государства подчеркнул, что идея справедливости должна стать основой государственной

политики Казахстана.

– Базой социальной справедливости являются адекватные требованиям времени законы и системное противодействие коррупции, трудолюбие граждан и стремление молодежи к передовым знаниям. Государство обязано создать все необходимые условия для реализации этой концепции, – сказал Касым-Жомарт Токаев.

Он сообщил, что в принятых парламентом законах регламентирован переход Казахстана к смешанной избирательной системе. Теперь часть депутатов

Мажилиса и областных маслихатов, все депутаты районных маслихатов будут избираться по одномандатным округам. Благодаря этому представительные органы станут по-настоящему народными.

Кроме того, вводится выборность акимов районов и городов областного значения. Глава государства полагает, что это стало логическим продолжением введённой ранее выборности сельских акимов и свидетельствует о твердом стремлении Казахстана к демократизации системы государственного управления.

Как подчеркнул Касым-Жомарт Токаев, конституционная реформа сделает более прочными основы государственного устройства страны, откроет путь к развитию гражданского общества, укрепит взаимопонимание и национальный диалог. В конечном итоге, эти шаги будут способствовать повышению благосостояния народа и светлому будущему страны.

В завершение своей речи Президент выразил благодарность депутатам, оперативно и качественно принявшим столь важные законы, членам Национального совета общественного доверия, а также всем гражданам, внесшим вклад в осуществление конституционной реформы.

В ходе торжественной церемонии Глава государства подписал шесть законов:

1. Конституционный закон Республики Казахстан «О Конституционном Суде Республики Казахстан»;
2. Конституционный закон Республики Казахстан «Об Уполномоченном по правам человека в Республике Казахстан»;
3. Конституционный закон Республики Казахстан «О прокуратуре»;
4. Конституционный закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые конституционные законы Республики Казахстан по вопросам реализации послания Главы государства от 16 марта 2022 года»;
5. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам реализации послания Главы государства от 16 марта 2022 года»;
6. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях».

## ■ СЛЫШАЩЕЕ ГОСУДАРСТВО

### Все вопросы взяты на контроль

Надежда ЦХАЙ

Пятого ноября в Культурно – досуговом центре поселка Актас состоялся прием граждан по личным вопросам, который провел начальник Отдела полиции г. Сарани Р. Кулькеев.



Во встрече также приняли участие аким поселка Б. Аканов, первый заместитель начальника Отдела полиции Сарани Н. Хамитов, начальник актасского поселкового отделения полиции Т. Нысамбаев, участковые инспекторы полиции.

Стоит отметить, что малый зал Культурно – досугового центра поселка был выбран неслучайно для проведения данной встречи, поскольку взаимодействие органов полицейской службы и населения очень важно, причем не только для профилактики, но и предупреждения различных видов преступлений. Поэтому встреча была организована специально для жителей Актаса.

Так, среди заданных вопросов, жители в первую очередь сделали акцент на необходимости организации движения вокруг Культурно – досугового центра поселка, поскольку именно на пересечении улиц Бородина и Первомайской, возле общеобразовательной школы №13 автолюбители, прежде всего, молодежь не соблюдают правила дорожного движения, скоростной режим, выезжают на встречную полосу, тем самым подвергая опасности жизнь пешеходов, в первую очередь школьников, и других участников движения. Также был задан ряд частных вопросов.

Кроме этого, прозвучали вопросы, касающиеся жилищно

– коммунальной сферы, которые будут переданы в уполномоченные органы. Так, один из услугодателей, занимающихся вывозом твердо – бытовых отходов, говорил о том, что все контейнеры, расположенные во дворах многоэтажных домов предназначены для сбора именно твердо – бытовых отходов, но никак не строительного мусора. Между тем, поселчане, делающие ремонт в своих квартирах, складывают в данных контейнерах и строительный мусор, что способствует, в том числе, и быстрому их наполнению. «И вообще, – отметил услугодатель, – строительный мусор следует складировать и вывозить отдельно».

В свою очередь поселчане подчеркнули, что сейчас уровень преступности в Актасе значительно снизился, сократилось количество лиц, находящихся на улице в состоянии алкогольного опьянения. На сегодняшний день в поселке работают два участковых полицейских и один помощник. Несмотря на то, что жители поселка отмечают удовлетворительную работу и участковых, и местного отделения полиции, тем не менее, они подчеркнули необходимость увеличения штата и непосредственно участковых.

Подчеркивалось, что все вопросы взяты на контроль, а также приняты и переданы для работы в соответствующие органы.

### ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫ МЕН АҚТАС КЕНТІНІҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Саран қаласының әкімі азаматтарды жеке мәселелері бойынша апта сайын жұма күндері сағат 15.00-ден алдын ала жазылу бойынша қабылдайды (жазылу «Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ-де 104 каб. немесе 7-40-16 телефоны бойынша сағат 18.00-ге дейін жүргізіледі).

Қабылдау әкімдік ғимаратында онлайн-режимде, ZOOM бағдарламасы арқылы өтеді.  
«Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САРАНИ И ПОСЕЛКА АКТАС!

Аким города Сарани проводит прием граждан по личным вопросам еженедельно по пятницам с 15.00 часов по предварительной записи (запись осуществляется в ГУ «Аппарат акима города Сарани» каб. 104 или по телефону 7-40-16 до 18.00 часов).

Прием проходит в здании акимата в онлайн-режиме, посредством программы ZOOM.

ГУ «Аппарат акима города Сарани»

## В РАМКАХ АКТИВНОЙ ПРОФИЛАКТИЧЕСКОЙ РАБОТЫ

Надежда ЦХАЙ

В начале ноября состоялось очередное заседание комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав под председательством заместителя акима Е. Оспанова.



В рамках заседания было рассмотрено два вопроса, касающихся профилактики девиантного поведения среди молодежи и занятости подростков из «группы риска» во внеурочное время.

По первому вопросу, согласно рабочей повестке дня, выступила руководитель Молодежного ресурсного

центра С. Аканова, которая подробно рассказала о том, какая работа ведется по профилактике девиантного поведения среди молодежи. Так, проведены тренинги «Я выбираю успешное будущее», разрабатываются информационные буклеты «Правила простых НЕ», в которых

для того, чтобы не стать жертвой насилия. Кроме этого, регулярно проводятся родительские собрания, профилактические и дискуссионные беседы, семинары и т.д. Также, как отмечалось в ходе выступления С. Акановой, сотрудниками Молодежного ресурсного центра проводятся информационные встречи совместно с сотрудниками городского Отдела полиции, психологом Молодежного центра здоровья. За прошедшее время проведено 28 встреч по профилактике зависимости косметологического вмешательства, «Семейные ценности», «Грани жизни», «Буллинг, его влияние на жизнь» и т.д.

Еще одна интересная акция «Не ломай жизнь!», проведенная с целью профилактики наркомании, пропаганды социально – позитивного и здорового образа жизни среди молодежи. В рамках данной акции для учащихся и студентов организован тимбилдинг «Дені сау жастар» и поездки в Музей памяти жертв политических репрессий «Карлаг» и театр имени С. Сейфуллина.

Далее был заслушан доклад директора общеобразовательной школы №16 Ш. Ускенбаевой о работе по профилактике правонарушений среди учащихся, занятости детей из «группы риска» во внеурочное время. Подчеркивалось, что профилактическая работа с учащимися из неблагополучных семей проводится совместно с инспектором группы ювенальной

полиции. Так, организована социально – психологическая служба, проводится диагностика, консультации, беседы, тесты на выявление личностных особенностей. Также ведется активная работа, в ходе которой изучаются особенности семей, рейды в неблагополучные семьи, вовлечение ребят в различные кружки и секции. Кроме этого, действует Совет по профилактике правонарушений среди несовершеннолетних, организована «Команда школьной безопасности», обеспечена занятость детей в каникулярный период, свободное время. Регулярно проходят классные часы и тематические беседы на темы: «Правила дорожного движения», «Профилактика правонарушений среди несовершеннолетних», «Защита прав несовершеннолетних» и т.д.

В ходе доклада был отмечен положительный момент – это активное участие детей в реализации общешкольных проектов – акциях, челленджах, квестах, спортивных мероприятиях, конкурсах, городских творческих проектах и т.д.

В заключение были рассмотрены персональные дела и приняты решения о продолжении активной работы по профилактике девиантного поведения, а также совместной работе с инспектором группы ювенальной полиции по выявлению неблагополучных семей и детей и оказанию своевременной социально – психологической помощи.

■ 130-летие со дня рождения Цветаевой Марины



## Болью и счастьем пронзённая жизнь

Татьяна Стрельчук

3 ноября в рамках реализации республиканского проекта «Оқуға құштар колледж» в Саранском техническом колледже состоялся творческий вечер, посвященный 130-летию со дня рождения русской поэтессы Серебряного века Цветаевой Марины Ивановны. Журнальный столик, стоящий на нем канделябр с зажженными свечами, разбросанные листы бумаги – плод творческого вдохновения, гроздь рябины... Всё в импровизированной литературной гостиной напоминало о том времени, в котором жила, мечтала, страдала, любила, и возложила на алтарь Поэзии свою Душу, когда-то юная 18-летняя Марина, дерзко открывшая дверь в русскую литературу, и не закрывшая ее для нас, потомков. Её поэтические строчки из широко известного стихотворения без названия «Моим стихам, как драгоценным винам, настанет свой черед», оказались пророческими. Их читают, ими вдохновляются, на них пишут песни. Они востребованы и современны. В этом наверное и проявляется сила подлинного, немеркнувшего таланта.



Ведущая мероприятия – Гофман Марина Александровна, библиотекарь СТК, и студенты 2 курса ПО-21 окунулись в неповторимый мир поэтического слова, знакомясь с важными датами и событиями

в жизни и творчестве поэтессы, с ее радостями и разочарованиями, горестями и потерями. С огромной, всепоглощающей любовью к мужу – Эфрону Сергею. Ей было 19, ему 18, когда



они соединили свои судьбы. Навсегда. И шли по ней, поддерживая друг друга, ошибаясь, и разрывая на части свои души. Непокорённые, несломленные, живые! Как выразительно была похожа на нее – Марину Цветаеву, студентка этой группы Маргарита Мамедова, представляющая поэтессу. Казалось, что она пришла к нам, пройдя через столетие – открытая, незащищенная, ранимая, и бесконечно любимая ценителями и почитателями ее таланта. Чтобы встретиться, пообщаться, поговорить. Обо всем, о том, что когда-то так волновало и тревожило ее сердце.

И читались стихи: чисто, открыто, вдохновенно. В исполнении Бариновой Елизаветы, Ветлицкого Андрея, Растенис Дианы, Шигабиевой Людмилы, Штеле Дарьи. В них – её боль, ее страдания, жертвенная любовь к Родине, не признавшей и не простившей свою дочь. Душевные муки, эмоциональные терзания... Сколько их было на жизненном пути Марины Ивановны Цветаевой, сколько еще предстояло! Пока не сломалась, и не ушла, тихим августовским утром 1941 года. Оставив

нам бесценное наследие – книги, воспоминания тех, кто был рядом, сочувствовал, признавал, понимал. Она была и остается яркой звездой, вспыхнувшей на творческом небосклоне своего времени и продолжающей светить. Несмотря ни на что, и вопреки всему.

Видеоролик из кинофильма «Ирония судьбы», в котором исполнялась песня на ее стихи «Мне нравится, что вы больны не мной», романс на ее стихотворение «Генералы 1812 года» из фильма «О бедном гусаре замолвите слово», видеоролик Ирины Аллегровой на стихотворение «Я тебя отвоюю...» – подтверждение того, что поэзия Марины Цветаевой – вечна, как вечна любовь, воспетая ею. Особенно впечатлил всех присутствующих видеоролик с участием студентки Ксении Зыгиной. Исполненное ею стихотворение поэтессы «Вчера еще в глаза глядел...» завораживало своей пронзительностью и искренностью чувств, вложенных в него. В областном конкурсе выразительного чтения «Красною кистью рябина зажглась» Ксения заняла IV место среди 41 одного участника конкурса.

... «Я постепенно утрачиваю чувство реальности: меня все меньше и меньше... Я не хочу умереть. Я хочу не быть». Никто из нас не в праве осуждать, но вправе помолиться за ее душу, и хранить память о ней: читая и перечитывая ее стихи, и вновь и вновь открывая для себя великую и грешную, талантливую и неповторимую, свою – Марину Цветаеву.

Ах, гроздь рябины, как же ты горька...

## ■ МӘДЕНИЕТ



# ОБЛЫСТЫҚ ӘН БАЙҚАУЫНАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

**25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ МЕРЕКЕСІНІҢ ЖАҢА ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ РЕТІНДЕ ҚОҒАМДАҒЫ ТАРИХИ МӘРТЕБЕСІН БЕКІТУ МАҚСАТЫНДА ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА 3 ҚАРАШАДА РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС, ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА «ҚЫРАН ЕЛІМ – ҚАЗАҚСТАН» АТТЫ ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕР БАЙҚАУЫ БОЛЫП ӨТТІ.**



Ондағы мақсат - жас ұрпақтың бойында еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру, талантты балалардың талантын шыңдау. Іс-шарада отан, туған жер тақырыптарында әндер шырқалып, оқушылар жүлделі орындармен және алғыс хаттармен марапатталды.

Байқау Кеншілер Мәдениет сарайында Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өтті. Сайыстың ереже

талаптарына сәйкес қатысушылар 9–12 жас және 13–17 жас аралығындағы 2 жас санатында Отан, Туған жер және ел туралы патриоттық ән орындаудан өзара бақ сынасты. Байқауға Абай, Ақтоғай, Қарқаралы, Осакаровка, Бұқар жырау, Шет, аудандары және Қарағанды, Шахтинск, Саран, Теміртау қалаларының 170-ке жуық үміткерлері өз өнерлерін көрсеткен болатын.

Солардың арасында Ақтас кентіндегі № 16 жалпы білім беретін мектептің сынып оқушысы Ұлту Қаштаева да болды. Ұлту өз бағын 13–17 жас аралығындағы жас санатында сынаған болатын. Байқау өте тартысты болды. Қатысушылар саны да аз болмады. Десекте әділ қазылар алқасы әділ бағасын беріп, нәтижесінде жерлесіміз өзі бақ сынаған жас санатында жүлделі үшінші орынды иеленді.

«Конкурс өте жақсы өтті. Балалар өздерінің ерекше, әдемі дауыстарымен таңқалдырды. Меніңше, әділ қазылары дұрыс шешім қабылдады, оларды бақылаудым, балалардан көз алмады. Өзім орын жайлы қатты қобалжымадым, себебі маған әр дауыс ұнады десем де болады. Бірақ үшінші орынды иелендім. Қуаныштымын. Себебі әдемі дауысты қатысушылар өте көп болды. Тағы айта кететінім, конкурсқа жақсы тақырып тандалып алынған екен, патриоттық сезімді тағы бір мәрте оятты», - дейді облыстық конкурстың жүлдегері Ұлту Қаштаева.

Біз өз кезегімізде қарындасымызға өнердегі әпкесі, атакты дәстүрлі әнші рамазан Стамгазиевтің құдай қосқан қосағы Ұлту Қабаева секілді алты алашқа аты мәлім әнші



болуына тілектес екендігімізді жеткізіп, жүлделі үшінші орынымен құттықтадық. Өнері өге жүзе берсін!

Ал облыстық байқаудың жалпы нәтижесі Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы баспасөзінің мәліметінше келесідей жайғасты:

Алқа мүшелерінің анықтауымен төменгі құрамдағы дипломдар және сыйлықтар 9-12 жас аралықтағы жеңімпаздарға берілді:

Бас жүлде Рзағали Нұрсая (Теміртау қаласы) диплом, сертификат 30 000 (отыз мың) теңге, гүл шоғы;

I дәрежелі диплом Абдрахман Ансар (Бұқар жырау ауданы), Титовский Остап (Абай ауданы), сертификат 20 000 (жиырма мың) теңге, гүл шоғы;

II дәрежелі диплом Қайырбек Томирис (Қарағанды қаласы), сертификат 15 000 (он бес мың) теңге, гүл шоғы;

III дәрежелі диплом Қайролла Ділғаз (Шет ауданы) сертификат 10 000 (он мың) теңге, гүл шоғы.

Дипломанттар: Әлім Рамазан (Абай ауданы), Аширбеков Ералы (Қарағанды қаласы), Тологон Алина (Қарағанды қаласы), Зәрубай Аружан (Қарқаралы ауданы), Тен Владимир (Қарағанды қаласы), Еркибаева Асель (Шахан кенті), Шағыр Әбілмансұр (Осакаровка ауданы), Бектыбаева Аруна (Қарағанды қаласы), Акеева Айша (Шет

ауданы), Овчарова Ева (Қарағанды қаласы), Маневич Анастасия (Қарағанды қаласы), Макаренко Валерия (Қарағанды қаласы), Бағдаулет Сұлтанәлі (Бұқар жырау ауданы).

13-17 жас аралықтағы жеңімпаздар: Бас жүлде Төлеутай Аянат (Ақтоғай ауданы) диплом, сертификат 30 000 (отыз мың) теңге, гүл шоғы;

I дәрежелі диплом Төленті Мирас (Осакаровка ауданы), сертификат 20 000 (жиырма мың) теңге, гүл шоғы;

II дәрежелі диплом Бекболат Аружан (Қарағанды қаласы), сертификат 15 000 (он бес мың) теңге, гүл шоғы;

III дәрежелі диплом Қаштаева Ұлту (Саран қаласы), сертификат 10 000 (он мың) теңге, гүл шоғы.

Дипломанттар: Айбекова Нұрайлым (Шет ауданы), Исабаева Зейнеп (Бұқар жырау ауданы), Абдикеров Бекжан (Қарағанды қаласы), Ойрат Жарқын (Қарқаралы ауданы); Кәрім Ботагөз (Қарағанды қаласы), Сиралинов Руслан (Қарағанды қаласы), Қудва Арина (Қарағанды қаласы), Нұрболат Динара (Қарағанды қаласы), Қарибжан Айтұар (Қарағанды қаласы), Рахмиев Нұрдос (Қарағанды қаласы).

Барлық жетекшілер мен қатысушыларға Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының алғыс хаттары табысталды.

## ■ КУЛЬТУРА



## ПРАЗДНИК ПЕРВОКЛАССНИКА «ПОСВЯЩЕНИЕ В ЮНЫЕ МУЗЫКАНТЫ»

С. Салова,  
заместитель директора по ВР КГКП «Детская школа искусств» г.Сарани

**В конце октября в Детской школе искусств города Сарани состоялся Праздник первоклассника «Посвящение в юные музыканты».**



Начался праздник с музыкальных поздравлений учеников школы искусств. Первоклассников поздравили: Қәрімқожа Мерейім (қобыз, преподаватель А.Рыскельдинова), Шулейко Ярослав (саксофон, преподаватель А.Качанов), Сүйіндікова Әмина (домбра, преподаватель Г.Абжатов), Галкин Вадим (гитара, преподаватель Г.Пекин).

А затем в гости к первоклассникам пришла Фея Музыки (преподаватель оркестрового отделения В.Аханова) с музыкальным подарком. Но оказалось, что сөй флейта и сөй музыкальное королевство заколдовано Фальшивой Нотой (преподаватель оркестрового отделения И.Борзых) и Ленью (ученик 2 класса Осько Илья). Ведущая праздника (преподаватель отделения русских народных инструментов Н.Попович) предложила ребятам расколдовать Королевство Музыки, выполнив определенные задания. Фея Музыки загадывала загадки про музыкальные инструменты, на которые первоклассники дружно отвечали. Фальшивая Нота и Ленья были очень недовольны, что ребята сөй знают. И очень сомневались, что маленькие музыканты уже сами умеют что-то играть на музыкальных инструментах и петь. Пришлось показывать сөй умение. Первоклассник Рывлов

Владимир (педагог Н.Попович) исполнил на аккордеоне русскую народную песню «Как под горкой, под горой», ученица 2 класса Айтпай Айша (преподаватель Ж.Асанова) спела под домбру песню «Гүлдерайым», первоклассница Бугайчук Елизавета (преподаватель Л.Идырысова) спела песенку «Малаявка», ученица 4 класса Хишигтқызы Жансұлу (преподаватель Г.Медеубаева) сыграла на кобызе күйі Құрманғазы «Ақсақ киік». И тогда Фальшивая Нота задумала дать первоклассникам очень трудное задание: отгадать на слух, какой инструмент исполняет мелодию. И с этим заданием ребята успешно справились! Музыкальное Королевство было расколдовано, а флейта Королевы Музыки вновь обрела способность звучать мелодично и красиво. Ребята с удовольствием прослушали музыкальный подарок Королевы Музыки – «Вальс» из «Детского альбома» П.И.Чайковского. После чего состоялось посвящение первоклассников в юные музыканты. Ребята дали обещание победить лень, стремиться к творчеству и идти по жизни с музыкой. Преподаватели первоклассников вручили детям памятные подарки-фотоколлажи. Завершился праздник общим фото на память. Весь праздник выступления музыкантов сопровождали концертмейстеры А.Земцова и Т.Шулейко.



# МЕЙІРІМ ЖҮРЕКТЕН ШЫҒАДЫ, ПЕЙІЛ ТІЛЕКТЕН ТУАДЫ...



Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Суретті түсірген автор

**ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА САРАН ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА ӨТТІ.**



Қазанның соңғы жексенбісінде Қазақстан Республикасында Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні атап өтіледі. Бұл мерекеді барлық құрмет пен қошемет әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін дамытуға ерекше үлес қосқан қызметкерлерге арналды.

Бұл, әсіресе, мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік-медициналық көмек беріп жүрген еңбек иелерінің төл мейрамы. Тағдырдың тауқыметін тартқан қайсар жандарды бейімдеп, емдеуге негізделген орталықтар елімізде аз емес. Солардың бірі - Қарағанды облысы Саран қаласының арнаулы әлеуметтік қызметкерлер көрсету

орталығы. Сол қажырлы да, күрделі еңбек атқарып жатқан мекеме ұжымына арнап өткен аптада «Жақсылық жаса» атты мерекелік концерт өткен болатын.

Салтанатты шараға «Қарағанды облысының әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру және жұмыспен қамту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, сондай-ақ Қарағанды облысының арнаулы әлеуметтік қызметкерлер көрсету орталықтарының басшылары және Саран қаласы әкімінің орынбасары Ералы Оспанов қатысты.

Залда отырған жандар қандай болсын құрметке лайық. Олардың мамандығы –



әлеуметтік қызмет көрсету. Яғни, күні-түні мүмкіндігі шектеулі жандарға қарайласып, жәрдемдеседі. Саран қаласының арнаулы әлеуметтік қызметкерлер көрсету орталығында психикалық дамуы тежелген, ақыл-есі кем адамдар емделеді. Ал, ол жандармен тіл табысып, күнделікті күтім жасау қиынның қиыны. Сол себепті, мұндай күрделі істі тек мамандығын жүрекпен тандаған қызметкерлер ғана еңсереді.

Иә, олардың еңбегін кәсіби мереке қарсаңында қала әкімінің атынан құттықтаған орынбасары Ералы Оспанов ерекше атап өтті.

«Бүгіндері әлеуметтік қорғау жүйесі бір орында тұрмай, дамып келеді. Ол осы салада жұмыс істейтін өздеріңіздей қамқор жандардың арқасында ғана мүмкін болды. Сіздер мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық танытып, өздеріңіздің жан жылуларыңызбен бөлісесіздер. Мұқтаж жандарға көрсетіп жатқан қолдауларыңыз үшін сіздерге алғысымызды білдіреміз. Атқарып жатқан еңбектеріңіз өлшеусіз. Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын», - деді Ералы Серікұлы өз сөзінде.

Әлеуметтік сала – еліміздегі ең өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бүгінгі таңда қоғамда болып жатқан оқиғалардың дені осы әлеуметтік мәселе төңірегінде туындап жататыны шындық. Әсіресе, «әлеуметтік» ұғымымен қорғау, көмек, қызмет, оңалту, ортаға әсер ету, қамсыздандыру, паналау орны, диагноз, қолдау, педагогика, қызметкер секілді қатарлас қолданылатын тіркестер құлағымызға сіңісті болып кетті. Десекте, бұлардың бәрінің астарында қоғам өмірінде болып жатқан мәселелерге атүсті қарамай, мемлекетіміздің әрбір көмекке зәру жандарына қол ұшын созу жатыр.

Бүгінгі таңда, тағдыр тауқыметін

тартқан, түрлі жағдайларға тап болған немесе мүмкіндігі шектеулі жандарды көргенімен көмек көрсетуге құлық таныта қоймайтындар да баршылық. Ал, біз тілге тиек еткелі отырған «әлеуметтік саланың» пұшпағын илеп жүрген «қызметкерлер» болса, осындай жандармен бірге біте қайнасып өмір сүреді. Олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қолғабыс жасап, өміріне етене араласады.

**«Құрметті әріптестер! Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын! Сіздердің**

**мұқтаж жандарға көрсеткен қамқорлықтарыңыз ерекше атап өтуге тұрарлық. «Мейірім жүректен шығады, пейіл тілектен туады» дейді халық даналығы. Осы салада жеткен жетістіктеріңіз барлығы – ізгілік пен адамгершілікті ту еткен еселі еңбектеріңіздің жемісі. Сіздерді мерекелеріңізбен тағы да құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін», - деді Саран қаласының арнаулы әлеуметтік қызметкерлер көрсету орталығының басшысы Бекзат Әбдіғалиев.**

Одан әрі Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты шара Саран қаласының арнаулы әлеуметтік қызметкерлер көрсету орталығындағы емделушілердің қатысуымен өткен мерекелік концертке ұласты.

Концерт барысында көркем өнерпаздар мүшелері дайындаған бағдарламалар мен Саран қаласының арнаулы әлеуметтік қызметкерлер көрсету орталығындағы емделіп жатқан өнерпаздар әуезді әндері мен мерекелік бағдарламаларды кеш қонақтарының көңілінен шықты. Әлеуметтік сала қызметкерлері мен кеш қонақтары ұйымдастырылған концерттік бағдарламадан жақсы әсер алып, көтеріңкі көңіл-күймен тамашалады.





## Қолындағы протезіне қарамастан үздік теннисші атанған құлсарылық Ақмөлдір Тілеуқұлова көпті сүйсінтті

aikyn.kz

«Адамның мүмкіндігінде шектеу жоқ». Бұл – 18 жастағы параспортшы Ақмөлдір Тілеуқұлованың өмірлік ұстанымы. Қолындағы туа бітті ақауға қарамастан, үстел теннисімен тұрақты шұғылданып, талай жеңістерді еншілеп жүрген Ақмөлдір жақында ұзақ уақыт бойы армандап келген бионикалық протезге қол жеткізді. Ерік-жігерімен, өмірге деген құштарлығымен көпшілікті еріксіз сүйсіндіріп жүрген Ақмөлдірмен сұхбаттасудың сәті түскен еді.



– Ақмөлдір, әйгілі Ник Вуйчич «Өмірде шектеу жоқ» деп кітап жазған еді. Меніңше, осы сөздің дәлелдерінің бірі өзіңіз. Жалпы, шектеу дегенді қалай түсінесіз?

– Менің ойымша, өмірге келген әр адам – жеңімпаз. Өйткені адамдарға жарық дүниенің есігін ашу, өмір сүру бақыты бұйырды. Өз басым, адамның мүмкіндігінде шектеу жоқ дегенге сенемін. Қандай қиын жағдай болса да, қиындықтарды жеңіп, мақсатқа жетуге тырысамын. Ойлап қарасақ, шектеу біздің миымызда ғана. Өзіңіз ойлап көріңізші, бұрын фантастика болып көрінген ұялы телефондар, түрлі функцияларды орындайтын роботтар – бәрі адам ойының, еңбегінің нәтижесі емес пе? Демек, біздің міндетіміз – өзімізді шектеулерден арылту. Ол үшін адам алдына мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолында күн сайын еңбектенуі керек деп ойлаймын. Бұл – менің өмірлік «формулам».

– Бойыңыздағы ерекшелігіңізді қалай қабылдадыңыз? Адам өзін-өзі қабылдап, алға қарай жүруі үшін қандай қасиет керек?

– Мен отбасыма, бауырларыма ризамын. Әсіресе, анамның маған берген күш-жігері өмірден өз орнымды тауып, алға қарай ұмтылуыма себеп болды. Сондықтан адам жығылған кезде де, қуанған кезде де оның жанында отбасы болуы керек. Отбасындағы қамқорлық, демеу, жылы сөздер көп нәрсеге ықпал етеді.

– Спортқа қалай келдіңіз? Қандай жағдай спортқа келуіңізге түрткі болды?

– Менің спортқа келуімнің өзі қызық болды. Сыныптастарым, достарым менің қолыма аса бір назар аудармайтын. Бірақ бала кезімде өте ұялшақ болдым. Ойымды ашық айта алмайтынмын. Адамдармен сөйлесуге жасқанатынмын. Сөйтіп жүргенімде анам мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамына апарды. Ол жерде өзім сияқты көптеген адамды көрдім. Мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамы адамдарды алға жетелейтін қуатты күші бар ерекше алаң болып көрінді. Ол жерден өзіме сенуді, алға ұмтылууды үйрендім. Бала кезімнен үстел теннисіне қызығатынмын. Сол қоғамда жүріп, спортпен шұғылданымын деп шешім қабылдадым. Осылайша, он екі жылдан бері теннис саласында келемін.

– Спортқа күнделікті қанша уақытыңызды жұмсайсыз? Спорт саласындағы жетістіктеріңіз, қатысқан жарыстар, жеңістер туралы айтып өтсеңіз.

– Спортшы үшін күнделікті жаттығу маңызды. Мен жаттығуларға күнделікті 3-4 сағатымды жұмсаймын. Осы уақытқа дейін бірнеше аудандық, облыстық, республикалық жарысқа қатыстым. Соның ішінде, 2021 жылдың мамыр айында үстел теннисінен Астана қаласында өткен Қазақстан чемпионатында жеңіп алған қола медалімнің орны ерекше. Атырау облыстық паракұрамаға қабылданғандықтан, үнемі жарыстарға шығып

отырамын. Осы мүмкіндікті пайдаланып, бүгінгідей жетістікке жеткізген бапкерлерім Амангелді Мыңжасаровқа, Қайрат Еңсеповке, Гүлнар Әбілқайыроваға алғыс айтқым келеді.

– Спорт «фруетка» сияқты. Бірде – жеңіс, бірде – жеңіліс. Спортшы жеңілісті қалай қабылдай білуі керек?

– Спортшы жеңісті де, жеңілісті де салқынқандықпен қабылдауы керек. Мысалы, өзім бір жарыстардан жеңіліп жатсам, қай жерден мүлт кеттім, сол кемшілікті түзетуге, келесі ойындарда ол қателікті қайталамауға жұмыстанамын. Осындай қарапайым техниканың нәтиже беретінін көріп те жүрмін. Расымен де, адам өзінің қателіктерін, кемшіліктерін түзген сайын мықты бола түседі.

– Алға қойған мақсаттарыңыз қандай?

– Қазіргі уақытта Жылыой ауданындағы гуманитарлық-техникалық колледжінде денешынықтыру мамандығына оқып жатырмын. Колледжді аяқтаған соң, спорт саласындағы білімді университет деңгейінде жалғастырығым келеді. Және еліміздегі параспорттың дамуына, спорт саласында жаңа тұлғалардың, жаңа есімдердің шығуына себепші болғым келеді. Өзімді тұлғалық, рухани тұрғыда жан-жақты дамытсам деймін.

– Босуақытыңызды қалай пайдаланасыз?

– Шыны керек, менде бос уақыт бола бермейді. Әр күнімнің өзіндік тәртібі, кестесі бар. Күнделікті 3-4 сағатымды жаттығуға арнаймын. Одан қалды сабағым бар. Кешкілік қолым сәл босаса, үйдегі кішкентай бауырларымызды ойнатамын. Арасында Tik-Tok әлеуметтік желісіне видео жүктеп отыратыным бар. Осыған дейін оң қолыма берілген протез мемлекет есебінен ұсынылған қарапайым протез болатын. Ол протезім қарапайым қимыл-қозғалысқа ыңғайсыз еді. Кішкентайымнан армандаған бионикалық протезіме жақында «Қазақстан халқына» қоры арқылы қол жеткіздім. Мұндай протез туралы Youtube-тағы видеолардан ғана көретінмін. Енді жаңа протезімнің көмегімен есікті ашып, заттарды ұстай аламын, жазуды теріп, басқа да қимылдар жасай аламын. Желіге осы протезім арқылы жасап жатқан әрекеттерім туралы видео түсіріп жүктеп келемін.

– Өзіңіз сияқты жастарға айтарыңыз?

– Абай Құнанбаев – қазақ даласынан шыққан ең үлкен ғалым, дара тұлға. Сондықтан қазіргідей жаһандану заманында жастарымыз Абай атамыздан үлгі алса, оның шығармаларын саналы түрде түйсініп оқыса деймін. Себебі, Абай философиясы – өз алдына дара жолы бар, кемел адамды жасайтын жол.

Алысқа бармай ақ, «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген сөзінің өзі үлкен мағынаға, астарға ие. Жастарымыз білімді, ақылды, рухани қуатты болса, спортпен шұғылданып, өздерін үнемі сергек ұстаса, еліміз әлемнің дамыған елдерінің қатарынан орын алатынына сенемін.

## Личность



## От этих людей заряжаешься светом

Татьяна Стрельчук

